

Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы N 2422 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 желтоқсанда N 2461 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 25 желтоқсандағы N 2482 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 25.12.2014 N 2482 қаулысымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5) тармақшасына, 20-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңын іске асыру бойынша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2014 жылға арналған ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін қала кәсіпорындары мен ұйымдарының тізбесі, олардың түрлері және көлемдері бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған жұмыссыздардың еңбекақы төлемінің мөлшері бекітілсін.

3. "Петропавл қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі 451-002-100 "Жұмыспен қамту бағдарламасы. Қоғамдық жұмыстар" бағдарламасы бойынша осы мақсаттарға жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде қоғамдық жұмыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Қоғамдық қызметкерлердің еңбекақы төлемі "2014-2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Заңымен белгіленген ең төменгі жалақы есебінен жүргізілсін.

5. Бекітілген ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін қала кәсіпорындары мен ұйымдарының тізбесі, олардың түрлері және көлемдеріне сәйкес

мәлімделген және бекітілген қажеттілік санында қоғамдық жұмыстарға ұсыныс пен сұраныс анықталсын.

6. Қоғамдық жұмыстардың шарттары бес күн ұзақтығымен, екі демалыс күнімен қалыпты жұмыс аптасы белгіленеді. Еңбек жағдайларын ескере, еңбек шартымен көзделген жұмыс уақытының икемді режимі белгіленуі мүмкін.

7. "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) уақытша қоғамдық жұмыстарға жұмыссыз азаматтарды жіберуді қамтамасыз етсін, бекітілген тізбеге сәйкес;

2) жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстарды орындауға шарт жасасын.

8. Қаулының орындалуын бақылау осы саланы басқаратын қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

<i>Петропавл қаласының әкімі</i>	<i>Т. Закариянов</i>
<p style="text-align: center;">"КЕЛІСІЛДІ" <i>"Коммунхоз Петропавловск"</i> <i>жауапкершілігі шектеулі</i> <i>серіктестігінің директоры</i></p> <p><i>24 желтоқсан 2013 жыл</i></p>	<i>М. Қалиев</i>
<p style="text-align: center;"><i>"Қазақ соқырлар қоғамы"</i> <i>қоғамдық бірлестігінің төрағасы</i></p> <p><i>24 желтоқсан 2013 жыл</i></p>	<i>Е. Аманжолов</i>
<p style="text-align: center;"><i>"Қазақстан Республикасы</i> <i>Әділет министрлігі</i> <i>Солтүстік Қазақстан облысы</i> <i>Әділет департаменті</i> <i>Петропавл қаласының әділет</i> <i>басқармасы" мемлекеттік мекемесі</i> <i>басшысының міндетін атқарушы</i></p> <p><i>24 желтоқсан 2013 жыл</i></p>	<i>Б. Ахметова</i>
<p style="text-align: center;"><i>"Қазақстан Республикасы</i> <i>Әділет министрлігі</i> <i>Солтүстік Қазақстан облысының</i> <i>Әділет департаменті"</i> <i>мемлекеттік мекемесінің басшысы</i></p> <p><i>24 желтоқсан 2013 жыл</i></p>	<i>Е. Сейдімбек</i>
<p style="text-align: center;"><i>"Қазақстан Республикасы</i> <i>Әділет министрлігі</i> <i>Сот актілерін орындау комитетінің</i> <i>Солтүстік Қазақстан облысы</i> <i>Сот актілерін орындау</i> <i>департаменті"</i></p>	<i>Р. Базылов</i>

<p>мемлекеттік мекемесінің басшысы 24 желтоқсан 2013 жыл</p>	
<p>"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы 24 желтоқсан 2013 жыл</p>	<p>Ж. Ілияс</p>
<p>"Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы жоғарғы соты аппаратының) Солтүстік Қазақстан облыстық сотының кеңсесі" мемлекеттік мекемесінің басшысы 24 желтоқсан 2013 жыл</p>	<p>С. Ақтанов</p>
<p>"Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы б о й ы н ш а Мемлекеттік сәулет-құрылыс б а қ ы л а у және лицензиялау департаменті" мемлекеттік мекемесінің басшысы 24 желтоқсан 2013 жыл</p>	<p>Қ. Мұқажанов</p>
<p>"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Солтүстік Қазақстан облысы б о й ы н ш а Салық департаментінің Петропавл қ а л а с ы бойынша Салық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы 24 желтоқсан 2013 жыл</p>	<p>М. Мұхамеджанов</p>
<p>Солтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасы Солтүстік Қазақстан облысы ә к і м д і г і н і н "Облыстық наркологиялық орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік к ә с і п о р н ы н ы ң б а с д ә р і г е р і 24 желтоқсан 2013 жыл</p>	<p>Б. Ыбыраев</p>

<p>"Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы</p> <p>24 желтоқсан 2013 жыл</p>	<p>А. Сейфуллин</p>
<p>Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы</p> <p>24 желтоқсан 2013 жыл</p>	<p>Д. Ғабдуллин</p>
<p>"Солтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Петропавл қаласының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы</p> <p>24 желтоқсан 2013 жыл</p>	<p>Қ. Айтбаев</p>
<p>Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 2422 қаулысымен бекітілді</p>	

Ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін қала кәсіпорындары мен ұйымдарының тізбесі, олардың түрлері және көлемдері

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 30.04.2014 N 691 қаулысымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.04.2014 бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады).

№ р/р	Кәсіпорын, ұйым атауы	Жұмыс орындауының саны	Қоғамдық жұмыс түрі	Жұмыс көлемі	Қоғамдық жұмыстардың ұзақтығы (ай)	Қаржыландыру көзі
			Қала аумағын жинауға көмек көрсету;	691 952 200 шаршы метр		
			аумақтарды көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету;	86200 шаршы метр		

1	"Коммунхоз Петропавловск" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	330 адам	мұзды қалашықтарды тұрғызуда қосымша жұмыстарды орындауға көмек көрсету;	66300 мұзды блоктар	1 2	Петропавл қаласының бюджеті
2	"Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті" мемлекеттік мекемесі	1 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға көмек көрсету	2000	ic 1 2	Петропавл қаласының бюджеті
3	"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот актілерін орындау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы Сот актілерін орындау бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі	10 адам	Халыққа қызмет көрсетудің сапасын жақсарту және жеделдету мақсатында мәліметтер дерекқорын жасауға көмек көрсету, құжаттарды өңдеуге көмек көрсету	30000	ic 1 2	Петропавл қаласының бюджеті
4	"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі" Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" мемлекеттік мекемесі	10 адам	АХАЖ бойынша мұрағаттық құжаттармен, жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу бойынша, заңды тұлғаларды тіркеу бойынша жұмыстарға көмек көрсету, құжаттарды өңдеуге және сақтауға даярлауға көмек көрсету	11000	ic 1 2	Петропавл қаласының бюджеті
5	"Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің Солтүстік Қазақстан облыстық сотының кеңсесі" мемлекеттік мекемесі	7 адам	Халыққа қызмет көрсетудің сапасын және жеделділігін жақсарту мақсатында мәліметтер дерекқорын, ағымдағы құжаттаманы құруға көмек көрсету	100000	ic 1 2	Петропавл қаласының бюджеті
				100 000 дана		

6	"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаментінің Петропавл қаласы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі	8 адам	Петропавл қаласы бойынша есептелген және төленбеген салық сомасы туралы хабарлама тапсыру Терминал бойынша салық есептілігі нысанын жіберуде салық төлеушілерге көмек көрсету Мұрағатқа тапсыру үшін салық төлеушілер істерін қалыптастыру, салық төлеушілердің экономикалық істері бойынша құжаттарды сөгу	20 000 дана 10 000 дана	1 2	Петропавл қаласының бюджеті
7	"Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер департаменті Петропавл қаласының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі	2 2 адам	Халыққа қызмет көрсетудің сапасын жақсарту және жеделдету мақсатында мәліметтер дерекқорын жасауға көмек көрсету; салынған әкімшілік айыппұлдарды төлеу қажеттігі туралы халықпен түсіндіру жұмыстарын өткізу, іргелес орналасқан аумақтарды санитарлық тазалау және жинау мәселелері жөнінде әңгімелесулер жүргізу	16000	іс 1 2	Петропавл қаласының бюджеті
8	"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасы" мемлекеттік мекемесі	6 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға көмек көрсету; анықтама-ларды жіберу және жеткізу; анықтамалар беру бөлігінде қала халқына сапалы жедел қызмет көрсету бойынша қағаз дерекқорын қалыптастыру	72 000 бірлік құжат	1 2	Петропавл қаласының бюджеті
9	"Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі	9 адам	Әскерге шақырылатындардың, әскерге шақырылғандардың, әскери міндеттілердің, техникалардың деректер қорын қалыптастыруға көмек көрсету; шақыру қағаздарын тарату және тапсыру; жеке	32000 іс 4500 шақыртуды беру, 30000 іс т і г у	1 2	Петропавл қаласының бюджеті

			істерді ресімдеу және құжаттарды тігу			бюджеті
10	"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті Петропавл қаласының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі	7 адам	АХАЖ бойынша мұрағаттық құжаттармен, жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу бойынша, заңды тұлғаларды тіркеу бойынша жұмыстарға көмек көрсету; құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға көмек көрсету	7700	ic 1 2	Петропавл қаласының бюджеті
11	Солтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің "Облыстық наркологиялық орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттің кәсіпорнының бас дәрігері	1 адам	Қаланың оқу орындарында есірткі инъекциялары мен алкогольді тұтынушы жастар арасында алдын алу жұмыстарына көмек көрсету	Тұрғындармен дәрістер, әңгімелесулер өткізу барысында маманға көмек 3200 адамды қамтумен	1 2	Петропавл қаласының бюджеті
12	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігі	2 адам	Әлеуметтік оңалту бойынша мүгедектермен жұмыс	2000	ic 1 2	Петропавл қаласының бюджеті
13	"Петропавл қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	5 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға, ксерокөшірме жасауға, материалдарды жіберуге және жеткізуге көмек көрсету; қала аумағында халықпен қоғамдық науқандар ұйымдастыруға және жүргізуге көмек көрсету	15000	ic 1 2	Петропавл қаласының бюджеті
14	"Петропавл қаласының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1 адам	Хаттамалық тапсырмалар бойынша баспа материалдарын дайындау, ақпарат жинау, электрондық қорды қалыптастыру; Кіріс және шығыс хат-хабарын тіркеу және бақылау; жұмыс мәселелері жөнінде қоңырау шалуға қатысу	2000	ic 1 2	Петропавл қаласының бюджеті

15	"Петропавл қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	6 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға көмек көрсету; материалдарды тарату және жеткізу	8000	іс	1 2	Петропавл қаласының бюджеті
16	"Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	3 адам	Әлеуметтік қорғауға мұқтаж халықтың әртүрлі санатының мәліметтер дерекқорын жүргізу жөніндегі техникалық жұмыстарды жүргізуге көмек көрсету; құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға көмек көрсету;	күніне 20	іс	1 2	Петропавл қаласының бюджеті
17	"Петропавл қаласының жер қатынастар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	2 адам	Иесіз мүлік ретінде жер учаскелерін тексеруге және таңдауға акт жасауға, оларды есепке қоюға көмек; мұрағаттық құжаттарды өңдеуге көмек	2000	іс	1 2	Петропавл қаласының бюджеті
18	"Петропавл қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға, материалдарды таратуға және жеткізуге көмек көрсету, объект құрылысының сапасын бақылау және мониторингін қамтамасыз ету мақсатында құрылыс объектілеріне бару; мәжілістер мен кеңестерге дайындалуға көмектесу	2000	іс	1 2	Петропавл қаласының бюджеті
19	"Петропавл қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	2 адам	Жылжымайтын мүлік объектілеріне түгендеу жүргізу; құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға, таратуға және жеткізуге көмек көрсету	1500	іс	1 2	Петропавл қаласының бюджеті
20	"Петропавл қаласының жұмыспен дене тәрбиесі және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға көмек көрсету; материалдарды тарату және жеткізу; қоғамдық науқандар ұйымдастыруға және өткізуге көмек	1000	іс	1 2	Петропавл қаласының бюджеті

21	"Петропавл қаласының жұмыспен экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға көмек көрсету; материалдарды тарату және жеткізу; қоғамдық нақандар ұйымдастыруға және өткізуге көмек	2000	іс 1 2	Петропавл қаласының бюджеті
22	"Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1 адам	Заң құжаттарын өңдеуге және басшы тапсырмаларын орындауға көмек	1000	іс 1 2	Петропавл қаласының бюджеті
23	"СҚО еңбек инспекциясы басқармасы" мемлекеттік мекемесі	1 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға көмек көрсету	1500	іс 1 2	Петропавл қаласының бюджеті
	Қорытынды	437 адам				

	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 2422 қаулысымен бекітілді
--	---

Қоғамдық жұмыстарға тартылған жұмыссыздар еңбекақы төлемінің мөлшері

№ р/р	Жұмыс түрлері	Бір жұмыссызға еңбекақы төлемінің мөлшері	Жұмыс тәртібі
			Бес күндік жұмыс аптасы
1	Физикалық жүктеме және ашық ауамен байланысты жұмыстар (қаланы абаттандыру, тазалау, жөндеу және құрылыс жұмыстары)	2,2 ең төменгі еңбекақы	жұмыс күні - 8 сағат
2	Ғимарат ішінде орындалатын және физикалық жүктемемен байланыссыз жұмыстар	1,2 ең төменгі еңбекақы	жұмыс күні - 8 сағат

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК